

ДАБЫЛ!

АҚБҰЛАҚТА ТАҒЫ БІР ШАҢЫРАҚ ТӨҢКЕРІЛДІ

Ақпанның 8-і күні кешкі сағат сегізде Алматының батыс жағында орналасқан Ақбұлақ елді мекенінде (Сайын мен Райымбек көшелерінің қиылысы) тағы бір үй қиратылды. Қақаған қыстың аясында Алатау аудандық әкімдігінің қызметкерлері қаптаған әскер мен трактор әкеліп (1-сурет), үйлерді қиратуға кіріскен. Үй деп ауыз толтырып айтқаны болмаса, өлместің күнін кешіп, темір контейнерді паналаған бір үйлі жанның баспанасы төңкерілді.

Тұрғындардың айтуынша, осы қарулы топқа бас-көз болған Алатау ауданы әкімінің орынбасары Көлбай Жаңабаев (өзі көліктен шықпаған) көрінеді. Төңкерілген темір контейнердің ішінен екі аяғы жоқ мүгедек Қайырбек Сәбитовті (2-суретте) далаға алып шығып, қардың үстімен сүйреткен. Екі айлық сәбиімен Ұлболсын Дүйсенбекованы (5-сурет) және тағы үш әйелді көлікке желкелеп отырғызып, түні бойы Алатау аудандық ішкі істер бөлімінде жауап алған. Ал он алты жасқа толмаған Ұлжасар Дүйсенбекованы жеке басын растайтын куәлігі жоқ деген сылтаумен арнайы қабылдау мекемесіне (спецприемник) апарып қамаған. Өпкесінің үйінде тұратын қыз бала кеше кешкісін газет беті қатталып біткенге дейін босатылмағаны анықталды.

Келесі күні тағы бір үйді талқандауға келгендер тұрғындар мен мен осы оқиға жөнінде хабарланып үлгерген БАҚ өкілдері, қоғам белсенділерінің жиналғанын көріп, әрекеттерінен бас тартуға мәжбүр болды. Аудандық шенеуніктерден қайыр болмасын білген тұрғындар кеше түстен кейін қалалық әкімдікке келді. Осы оқиғаның басында жүрген «Азат» партиясы Алматы қалалық филиалының жетекшісі Әмірбек Тоғысовпен хабарласып, мән-жайды сұрадық:

– Ең алдымен Алматы қалалық прокурорына телефон соғып, мән-жайды білу үшін хабарласып едім, ол бұл оқиғадан бейхабар болып шықты. Барлық жауапкершілікті жергілікті құзырлы органға сілтеп шыға келді. Олардан қандай да бір әділеттілікті талап ету далбаса әрекет екенін ескеріп, қалалық әкімдікке келдік. Келген бойы қала әкімінің орынбасары Долженковтың қабылдауына сұрандық. Өйткені бүгін осы орынбасардың қабылдайтын күні әрі жер мен баспана мәселесі де – соның құзырына кіретін мәселе. Сағат түскі 2-де келгенбіз, төрт сағат бойы күттік, бірақ бізді ешкім қабылдамады. Қабылдауға ниеті де жоқ екені белгілі болды. Қаншалықты шын екенін білмеймін, Долженков: «Үйді қиратуға кім бұйрық берді, сол өзі шешсін», – депті. Алатау аудандық әкімдігі заңсыз жасаған әрекеттерінен ақталу үшін жанталасып жатыр. Тіпті екі аяғы жоқ мүгедек жанды үй иелері әдейі тауып әкелген, қалада өзінің пәтері бар деген қауесет таратыпты. Ұлының үйінде тұрып жатқан Қайырбек Сәбитов баспанасы қиратылған соң, көршісінің үйінде тұруға мәжбүр болған. Үйі бар болса, қыстың көзі қырауда қаңғып несі бар? Әкімдіктегілер ең болмаса, қисынға келетін қауесет таратса екен?! – дейді генерал-қайраткер. Ал үй иелерінің қолында осы жердің иесі екендігі жөніндегі 2008 жылы шығарылған шешім бар. Жергілікті шенеуніктер әуелде үй тұрғызамыз деп, құйып қойған тағанды бұзғызған. Баспана салуға берілетін арнайы шешімді

күтуге бұйырған. Күте-күте сарылған жұрт тұратын жерлері болмаған соң, осы «временканы» салыпты.

Аяз қысқан қараңғы түнде келіп, үйді қиратып, тұрғындарын далада қалдыру нағыз заңсыздық қана емес, бұл – айуандық қылмыс. Ең алдымен үйді қирату үшін соттың шешімі шығарылуға тиіс болатын. Ондай шешім жоқ.

«Алатау аудандық әкімдігі Алматы қаласында тағы бір әлеуметтік қайшылықты туғызды. Содан қала әкімінің орынбасары Сейдуманов мырзамен телефон арқылы хабарласып, осы оқиғаны бүгінгі болатын қоғамдық кеңестің отырысында талқылайтын болып келістік. Қираған үй иелерінің қолында құжаты, қажетті шешім қағаздары бола тұра, аудандық әкімдіктің осындай заңсыздыққа барғаны бүгінгі болатын қоғамдық кеңестің отырысында талқыланады», – дейді генерал Тоғысов.

Бақытгүл МӘКІМБАЙ,

«D»

СОҢҒЫ САҒАТТА

Кеше түнгі сағат 11-де Ақбұлақта күндізгі «шабуылдан» аман қалған екінші үйді бұзу үшін тағы да әскери-полициялық топ келгені жөнінде хабар түсті. Шабуылшылар қараңғы түнді жамылып, кемпір-шал, бала-шағаны соққыға жығып, үйлерінен сүйреп шығарып, үйді бұзуға кіріскен. Аязды қыстың түнінде бұл қылмысқа кімдер себепкер болғанын келесі санынан оқисыздар.

АРАША

Мен «Общественная позиция» газетінің 6 қаңтардағы 414-ші санында басылған, «Ақбұлақ» оқиғасына байланысты «Сендер үйді заңсыз салдыңдар, біз де заңсыз бұзамыз» деген тақырыптағы мақаланы оқып, жаным түршікті. Әрі ойымда мынадай сауалдар туындады:

Мақалада бар оқиға егжей-тегжейлі баяндалыпты. Кімнің не істеп, не қойып жүргені «Ақбұлақтың» жергілікті тұрғындарының аузымен қолмен қойғандай көрсетілген.

Сонда осы мәселеге шара қолдануға тиісті органдар неге аузын буған өгіздей үнсіз отыр? Неге істің анық-қанығына жетіп, тергеу жүргізбейді? Қаны қарайғандықтан прокуратура тұрмақ, президентке де түкіргені бар қарапайым халықты қойға тиген қасқырдай бөріктіріп жүрген лауазымды қызметкерлер неге заң алдында жауапқа тартылмайды? Тоқсан пайызы қазақтан тұратын біздің биліктің өз қазағын жылата беретіні несі?

Еліміз «ОБСЕ» тәрізді өркениетті елдердің ұйымына төрағалық етіп отырған заманда ӨЗ азаматтарымыздың Өз Отанында тоқымдай жерге қолы жете алмай жүргені ұят-ақ.

Пәруаз СӘКЕНҰЛЫ,

Талғар қаласының тұрғыны